

«QAZAQ AIR» АҚ Басқармасының
2022 жылғы «18» тамызға
шешімімен бекітілген
(№14-2022 хаттама)

«QAZAQ AIR» АҚ Басқармасының
бетпе-бет отырысының
2022 жылғы «18» тамызға
№14-2022 хаттамасына
№1 қосымша

«QAZAQ AIR» АҚ клиенттерінің дербес деректерін жинау және өңдеу кезіндегі құпиялылық саясаты

Мазмұны

1. Жалпы мәлімдеме	3
2. Жеке ақпаратты бақылаушы	3
3. Саясатты қолдану	3
4. Біз қандай жеке ақпаратты жинаймыз	3
5. Жеке ақпаратыңызды қалай жинаймыз	4
6. Сіздің жеке ақпаратыңызды кімнен ала аламыз	5
7. Сіздің жеке ақпаратыңыз не үшін қажет	5
8. Жеке ақпаратыңызды қалай бақылауға болады	6
9. Сіздің жеке ақпаратыңызды кімге бере аламыз	6
10. Сіздің жеке ақпаратыңызды қалай сақтаймыз	7
11. Сіздің жеке ақпаратыңызды қалай қорғаймыз	7
12. Жеке ақпаратыңыздың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге болады	8
13. Cookie файлдарына қатысты саясат	8
14. Басқа сайттарға сілтемелер	10
15. Google Аналитика, Facebook Пикселі және Яндекс Метрика	10
16. Электрондық тарату қызметтері	10
17. Кәмелетке толмағандар	10
18. Қорытынды бөлім	11

1. Жалпы мәлімдеме

1.1. «QAZAQ AIR» АҚ (*бұдан әрі – Қоғам*) Қоғам клиенттерінің дербес деректерін жинау және өңдеу кезіндегі құпиялылық саясаты (*бұдан әрі – Саясат*) аясында Сіздің құпиялылығыңызға құрмет көрсетеді және Сіздің жеке ақпаратыңызды қорғауға қатысты өз міндеттемелеріне байыпты қарайды. Сіздің жеке деректеріңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және оларды тек заңды мақсаттарда ғана пайдалануда тұрақты түрде шара қолданатынымызға сенімді бола аласыз.

1.2. Ұсынылған Дербес деректерді жинау және өңдеу саясаты жеке ақпараттың қандай түрлерін, қашан және қалай жинайтынымызды, сақтайтынымызды және пайдаланатынымызды түсінуге көмектеседі. Бұл саясат кез-келген уақытта іскерлік қажеттілікке байланысты Қоғамның қалауы бойынша немесе заңнама талаптарына сәйкес алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

1.3. Сіздің жеке ақпаратыңызды заңды/құқықтық міндеттеме туындаған жағдайларды қоспағанда, Сіздің рұқсатыңызды алдын ала алмай, тапсырысыңызды өңдеу үшін пайдаланудан басқа, ешқашан үшінші тұлғаларға әдейі бермейміз.

1.4. Сіз бізге берген ақпаратты әрқашан біліп немесе тексере аласыз немесе біздің info@flyqazaq.com клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлімімізге хабарласып, барлық жеке ақпаратыңызды жоюға өтініш білдіре аласыз.

2. Жеке ақпаратты бақылаушы

2.1. Осы Құпиялылық саясатына байланысты QAZAQ AIR өңдейтін кез келген жеке ақпаратты Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына (2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V) және Еуропалық Одақ пен Ұлыбританияның деректерді қорғау туралы заңнамасына (*Деректерді қорғау туралы жалпы регламент 2016/679*) сәйкес Сіздің жеке ақпаратыңыздың «бақылаушысы» болып саналатын QAZAQ AIR бақылайды. Біздің ресми мекенжайымыз - QAZAQ AIR, 010017, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 20-ғимарат, «Palazzo degli Affari» БО.

3. Саясатты қолдану

3.1. Осы Құпиялылық саясаты біздің клиентіміз, жиі ұшатындарға сыйақы бағдарламасының қатысушысы немесе әлеуетті клиент ретінде сізбен жасалатын өзара іс-қимыл аясында, оның ішінде бізбен саяхаттағаныңызда немесе қызметтерімізді пайдаланғанда, сайттарымызға кіргенде және оларды пайдаланғанда, біздің Байланыс Орталығымызға хабарласқанда, біздің қызметтерімізге үшінші тұлғалар (*мысалы, туристік агенттер және басқа әуе компаниялары*) арқылы тапсырыс бергеніңізде немесе бізбен қандай да бір өзге тәсілмен байланысқаныңызда жиналатын, пайдаланылатын және өңделетін сіз туралы барлық жеке ақпаратқа қолданылады.

4. Біз қандай жеке ақпаратты жинаймыз

4.1. QAZAQ AIR сіз сұраған қызметтерді ұсыну және қажетті арна арқылы қажетті уақытта сізге сәйкес келетін өнімді ұсыну арқылы олардың сапасын арттыру мақсатында ғана сіздің жеке ақпаратыңызды жинайды және пайдаланады.

4.1.1. Біз жинай алатын ақпарат мыналарды қамтиды:

1) **жеке деректер:** толық аты-жөні, жынысы, лауазымы, туған күні, азаматтығы, тұратын елі, төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың нөмірі, виза туралы ақпарат, фотосуреттер, бейнежазбалар, аудиожазбалар;

2) **байланыс ақпараты:** мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық почта адресі, компанияның атауы, кәсіпорынның орналасқан жері;

3) **төлем туралы ақпарат:** несие немесе дебеттік карта туралы ақпарат, оның ішінде карта иесінің аты-жөні, карта нөмірі, эмитент-банк, шот-фактура ұсынылатын мекенжайы және жарамдылық мерзімі. Егер сіз билеттерді басқа біреуге сатып алсаңыз, біз сіздің төлем деректеріңізді жинауымыз мүмкін, сонымен қатар жолаушылармен рейс туралы тікелей байланыса аламыз;

4) **сапар туралы ақпарат:** ұшу туралы ақпарат, алынған қызмет көрсету класының жоғарылауы, билетті брондау үшін пайдаланған арна (*туристік агенттік, веб-сайт және т. б.*), диета туралы

мәлімет, орынды немесе басқа қызметтерді таңдау, жүкке қойылатын талаптар, спутниктер туралы ақпарат; біздің рейстерімізбен ұшуға қатысты сіздің артықшылықтарыңыз және кез келген алдын ала сатып алынған заттар;

5) **денсаулық туралы ақпарат:** медициналық жазбалар, денсаулыққа қатысты мәселелер немесе арнайы сұраулар;

6) **шетін сипаттағы ақпарат:** мысалы, сіздің діни сенімдеріңізді көрсететін диеталық артықшылықтар, медициналық куәліктеріңіз, денсаулығыңызға қатысты мәселелер, нәсілдік немесе этникалық ерекшеліктеріңіз;

7) **техникалық ақпарат:** біздің веб-сайттарға кірген кезде біз сіздің IP-адресіңізді, MAC-адресіңізді, браузер түрін, операциялық жүйені, сіз кірген веб-сайтты, веббраузердің іс-әрекетін тіркей аламыз; Сіз ақпарат таратуларды ашқан кезде немесе осындай ақпарат таратулардағы сілтемені басқан кезде автоматты түрде хабарлама ала аламыз; сондай-ақ, сіздің рұқсатыңызбен орналасқан жеріңіз туралы деректерді ала аламыз; сіз сондай-ақ ұялы телефоныңызда сақталған белгілі бір деректерге (мысалы, фотосуреттер мен байланыс деректері) қолжетімділік бере аласыз. Қосымша ақпарат алу үшін төмендегі мәліметті қараңыз (cookie файлдары);

8) **өзара іс-қимыл туралы ақпарат:** біздің брондау және ақпарат орталығымен, клиенттермен жұмыс жөніндегі бөліммен және т. б. кері байланыс және электрондық почта арқылы хат алмасу.

9) **әлеуметтік желілердегі ақпарат:** әлеуметтік желіңіздің баптауларына байланысты біз сіздің әлеуметтік желідегі өнім берушіңізден ақпарат ала аламыз. Мысалы, сіз әлеуметтік желідегі есептік жазбаңыз арқылы біздің қызметке кіргеніңізде, біз сіздің байланыс деректеріңізді, қызығушылықтарыңызды және байланыстарыңызды қоса алғанда, әлеуметтік желі бейініңізді ала аламыз. Әлеуметтік желі өнім берушіңізден алынатын жеке деректер туралы және баптауларыңызды қалай өзгертуге болатыны туралы қосымша ақпарат алу үшін әлеуметтік желі өнім берушісінің веб-сайтымен және құпиялылық саясатымен танысыңыз;

10) **бізбен бөліскіңіз келген ақпарат:** мысалы, Meta платформаларда (Facebook, Instagram) пікіріңізді қалдырған кезде, клиенттерге арналған сауалнаманы толтырған кезде немесе конкурсқа қатысуға өтінім жіберген кезде бізбен ақпаратпен бөлісе аласыз.

11) **жұмыспен қамту туралы ақпарат:** егер сіз корпоративті, іскери немесе мемлекеттік клиенттеріміздің бірі ретінде саяхаттайтын немесе басқа өнімдер немесе қызметтер алатын қызметкер болсаңыз, біз сондай-ақ клиенттен сіздің рөліңіз, жұмысыңыздың түрі, қызметкердің сәйкестендіру нөмірі, қызметке кірісу күні және жұмыс беруші төлеген кез-келген ұшу туралы ақпаратты жинай аламыз;

12) **статистикалық ақпарат,** мысалы, жолаушылар саны, интернетті пайдалану туралы мәліметтер, бізге сілтеме жасалған веб-сайт, интернеттегі баннерлік жарнамалар және біздің маркетинг жөніндегі серіктестеріміздің веб-сайттарында пайда болатын сілтемелер туралы ақпарат, сіздің іздеулеріңіз және біздің веб-сайтымызда қараған контентіңіз. Бұл ақпарат клиенттің бейінін жақсырақ түсінуге, ақпаратыңызды жекелендіруге және қызмет ұсынысын жақсартуға тек статистикалық талдау үшін жиналады.

4.2. Егер қажетті жеке ақпарат берілмеген жағдайда: 1) QAZAQ AIR Сізге қызметтерді және/немесе сұралған өнімдерді ұсына алмайды; 2) QAZAQ AIR Сізге біздің соңғы өнімдеріміз және /немесе жобаларымыз туралы хабарлай алмайды.

4.3. Жеке сервистер немесе іс-шаралар үшін біз деректердің басқа түрлерін жинап, бұл деректерді осы Құпиялылық саясатында сипатталғандардан өзгеше мақсаттарда пайдалана аламыз. Бұл туралы Сізге қызметке немесе іс-шараға тіркелу кезінде хабарлаймыз.

5. Жеке ақпаратыңызды қалай жинаймыз

5.1. Сіз туралы жеке ақпаратты қашан/қандай шарттарда жинай аламыз:

5.1.1. біздің веб-сайтымызда немесе басқа сату арналарымыз арқылы, мысалы, туристік агенттік арқылы рейске немесе басқа өнімдерге немесе қызметтерге тапсырыс бергеніңізде немесе іздегеніңізде;

- 5.1.2. қызметтерімізді пайдаланғаныңызда немесе өнімдерімізді сатып алғаныңызда;
- 5.1.3. біздің ақпараттық таратылымдарға немесе өзге де хабарламаларға жазылғаныңызда;
- 5.1.4. сайтқа тіркелгенде;
- 5.1.5. бізбен ұшу кезінде қалауларыңыз туралы айтқанда;
- 5.1.6. медициналық және сіздің сапарыңызға байланысты басқа нысандарды толтырғаныңызда, мысалы, медициналық куәландыру, ересектерге еріп жүрмейтін кәмелетке толмағандарға арналған шағымдар немесе нысандар және т. б.;
- 5.1.7. біздің конкурстардың немесе жарнамалық науқандардың біріне қатысқанда;
- 5.1.8. біздің Байланыс Орталығымызға хабарласқанда;
- 5.1.9. бізбен бірге саяхаттағанда, біз жұмыс істейтін әуежайларды және күту залдарымызды пайдаланғаныңызда;
- 5.1.10. біздің сауалнамаларымыздың бірін толтырғанда немесе басқа тәсіл арқылы, оның ішінде әлеуметтік желілердегі парақшаларымыз арқылы бізбен кері байланысқа шыққанда немесе қарым-қатынас жасағанда;

6. Сіздің жеке ақпаратыңызды кімнен ала аламыз

6.1. Сіздің жеке ақпаратыңызды тікелей сізден немесе сіздің уәкілетті өкілдеріңізден *(яғни, сіз уәкілеттік берген тұлғалар немесе біздің қолданыстағы қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес сіздің уәкілетті өкіліңіз)* жинаумен қатар, кейбір жағдайларда Сіз туралы ақпаратты үшінші тұлғалардан жинауымыз мүмкін. Бұл үшінші тұлғаларға мыналар кіруі мүмкін:

6.1.1. Сіздің атыңыздан брондайтын, брондауды жаңартатын немесе бізбен басқаша қарым-қатынас жасайтын тұлғалар; бұл Сіздің отбасыңыздың мүшелері, туристік агенттер немесе әуе билеттерін сату жөніндегі агенттер, жұмыс берушіңіз немесе корпоративті немесе топтық брондауға қатысты басқа өкіл болуы мүмкін;

6.1.2. Біздің қызмет жөніндегі өнім берушілеріміз немесе келісімшарт жасаушыларымыз *(мысалы, жер үсті қызметі, тиеу қызметі, агенттіктер, деректерді талдау және нарықты зерттеу жөніндегі өнім берушілер, әуе билеттерін сату жөніндегі агенттіктер, төлемдер жүргізуді және алаяқтықтан қорғауды қамтамасыз ететін өнім берушілер)*;

6.1.3. Біздің атымыздан немесе біздің демеушілігімізбен конкурстар мен басқа да науқандар өткізетін үшінші тұлғалар;

6.1.4. Сіздің сапарыңызды ұйымдастыруға қатысатын компаниялар, оның ішінде әуе компаниялары, әуежай операторлары, иммиграция қызметі, кеден, шекара қауіпсіздігі қызметі, басқа реттеуші органдар және т. б.;

6.1.5. Біздің серіктестеріміз *(әуе компаниялары және әуе желілері болып табылмайтын компаниялар, оның ішінде, жиі ұшатын жолаушыларымызға сыйақы беру бағдарламаларымызға және басқа клиенттік бағдарламаларға қатысатындарды қоса алғанда, сақтандыру компаниялары, автокөлік жалдау немесе трансфер қызметтерін ұсынатын компаниялар, қонақ үйлер)*.

7. Сіздің жеке ақпаратыңыз не үшін қажет

7.1. QAZAQ AIR Сіздің жеке ақпаратыңызды заңды негіз, келісімшарттық міндеттемелер және/немесе Сіздің оларды өңдеуге берген бір мәнді келісіміңіз болған жағдайда ғана өңдеуге міндеттенеді. Біздің әуе компания ретіндегі заңды мүддеміз сіздің жеке ақпаратыңызды қызметтерімізді ұсынуда және әуе компания және туристік қызмет өнім берушісі ретінде олардың сапасын арттыруда пайдалану болып табылады.

7.1.1. Бізге сіздің жеке ақпаратыңыз мыналар үшін қажет:

1) Сізге транзакцияны өңдеу *(мысалы, брондау жасау, сізге брондауды растауды жіберу)*, техникалық қолдау көрсету, транзакциямен көмек көрсету, СМС-хабарламалар немесе рейсті жүзеге асыруға байланысты хабарламалар жіберу, онлайн-тіркеуге немесе әуежайда рейске тіркеуге жәрдемдесу және Сіздің сұрауларыңыз бен өтініштеріңізді өңдеу сияқты қызметтерімізді ұсынуды қоса алғанда Сізбен жасалған шартты іске асыру;

2) Әуежайда түйіспелі рейстермен байланысты ақпаратты өңдеу, әуежайда рейске дайындық шаралары, кеден және иммиграция қызметтері сияқты қызметтер ұсыну;

3) Багажға қатысты кез келген сұрауларды өңдеу, оның ішінде багаждың жоғалғаны немесе онымен дұрыс айналыспағаны туралы шағымдар сияқты багажға байланысты қызметтер ұсыну;

4) Бортта тамақтандыру және Сіздің қажеттіліктеріңізге және қалауыңызға сәйкес келетін басқа да қызметтерді ұсыну (*қалауларыңызды сізбен қарым-қатынас жасау арқылы таңдай аламыз*);

5) Сіз қатыса алатын кез-келген конкурстар немесе науқандар өткізіп, жеңіске жеткеніңізге Сізге хабарлау;

6) QAZAQ AIR ұсынатын өнімдер мен қызметтерге байланысты жарнамалау, хабарлау және өзара іс-қимыл жасау;

7) Өнім/-дер, қызмет/-тер немесе клиент ретінде қанағаттану туралы сауалнама жүргізу мақсатында сізге хабарласу;

8) Қызметтерімізді жақсарту және зерттеу мен талдау, оның ішінде нарықты зерттеу арқылы саяхатшы ретіндегі тәжірибеңізді жекелендіру;

9) Қауіпсіздік талаптарына сәйкес болу және құқықтық нормаларды сақтау;

10) Қылмыстық әрекеттерді анықтау және алдын алу.

7.2. Егер сіз біреудің атынан әуе билетін брондап жатсаңыз, сол адамның жеке ақпаратын пайдалануға рұқсат алуыңыз керек.

7.3. Егер сіздің ақпаратыңызды өңдеуге қандай да бір басқа заңдар әсер етсе, сіздің жеке ақпаратыңызды пайдалану негізі жоғарыда айтылғандардан өзгеше болуы мүмкін және Сіздің келісіміңізге негізделеді.

8. Жеке ақпаратыңызды қалай бақылауға болады

8.1. Сіз кез келген уақытта жазбаша сұрау жіберу және осы Құпиялылық саясатының «Байланыстар» бөлімінде көрсетілген мекенжайға жеке басыңызды куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса беру арқылы, сұрауыңыз заңға қайшы келмеген жағдайда өзіңіздің жеке ақпаратыңызға қолжетімділікті, оны өзгертуді, жаңартуды, беруді немесе жоюды сұрай аласыз, оны пайдалануға және өңдеуге қарсы бола аласыз.

9. Сіздің жеке ақпаратыңызды кімге бере аламыз

9.1. Сіздің саяхатыңызды жүзеге асыру мақсатында бізде сіздің жеке ақпаратыңызды үшінші тұлғаларға беру, оның ішінде трансшекаралық ұсыну қажеттілігі туындауы мүмкін, атап айтқанда:

9.1.1. әуежайлардағы және әуежайлардағы күту залдарындағы операторларға, жергілікті қызметтерге;

9.1.2. қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, кедендік және иммиграциялық мүдделерді қанағаттандыруды, сондай-ақ біздің заңды міндеттемелеріміздің сақталуын көздейтін, құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі әртүрлі органдардың, бүкіл әлем бойынша реттеуші органдар мен үкіметтердің, сондай-ақ олардың қызметтері жөніндегі өнім берушілердің негізделген және заңды сұрауына жауап ретінде;

9.1.3. сіздің сапарыңызды ұйымдастыруға қатысатын туристік агенттіктерге;

9.1.4. Сізге немесе бізге қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға; мысалы, трансфер, шот-фактура қызметтері, тамақтану және т.б.;

9.1.5. нарықты зерттеу және талдау жүргізетін, маркетингтік қызметтер ұсынатын немесе біздің атымыздан клиенттерімізге сауалнама жүргізетін компанияларға;

9.1.6. әуе компаниямен байланысты жүйелер, деректерді сақтау, тарату қызметтері, жолаушыларды брондау және оларды өңдеу жүйелері, байланыс желілері, бағдарламалық жасақтама мен жүйелерді әзірлеу, техникалық қызмет көрсету және қолдау, сондай-ақ ақпаратты өңдеу, талдау және есеп беру сияқты ақпараттық технологиялар саласындағы қызметтерді ұсынатын компанияларға;

9.1.7. шағымдарды немесе жанжалдарды тергеу бойынша қызмет көрсететін компанияларға, полиция және біздің құқықтарымызды, мүліктерімізді немесе клиенттеріміздің, қызметкерлеріміздің және активтеріміздің қауіпсіздігін қорғау үшін реттеуші органдарға;

9.1.8. егер сіз біздің корпоративті, іскери немесе үкіметтік клиенттеріміздің бірінің қызметкері болсаңыз және жұмыс берушіңіз сатып алған билетпен іскерлік сапарға шықсаңыз, біз сіздің жұмыс берушіңізге ұшу туралы мәліметтеріңізді және осыған байланысты басқа да ақпаратты *(мысалы, оқиға туралы есептер)* ұсына аламыз;

9.1.9. төлемдерді өңдеу және *(қажет болған жағдайда)* алаяқтықтың болуына тексеру жүргізу үшін кредиттік және төлем компанияларына, кредиттік анықтамалық агенттіктерге және алаяқтықпен күрес жөніндегі қызмет өнім берушілеріне;

9.1.10. сізбен жасалған қандай да бір келісім-шартты мәжбүрлеп орындау мақсатында заң фирмалары мен соттар сияқты үшінші тұлғаларға;

9.1.11. біз сайтымызды пайдалану бойынша деректерді *(жеке ақпаратты қоспағанда)* басқа сайттарға кіруіңіз туралы ақпарат беру мақсатында ұсына аламыз.

Біз жеке ақпаратты үшінші тұлғаларға сатпаймыз.

10. Сіздің жеке ақпаратыңызды қалай сақтаймыз

10.1. Біз сіздің жеке ақпаратыңызды электрондық файлдарда сақтаймыз және Сіздің жеке ақпаратыңызға қолжетімділігі бар ақпараттық жүйе өнім берушілерінің қызметтерін пайдаланамыз.

10.2. QAZAQ AIR Сіздің жеке ақпаратыңызды жинау кезінде көздеген мақсатты жүзеге асыру үшін қажет болғанша, QAZAQ AIR компаниясының заңды немесе іскерлік мүддесі үшін немесе тиісті заңнама талаптарына сәйкес сақтайтын болады.

10.3. Кез келген уақытта Сіз жеке ақпаратыңызды біздің қордан толығымен алып тастау өтінішімен біздің клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлімімізге info@flyqazaq.com хабарласа аласыз. Сіздің жеке ақпаратыңыз жойылған жағдайда, біз оны тиісті заңнамаға сәйкес қалпына келтірудің мүмкін еместігін қамтамасыз ету мақсатында коммерциялық негізделген және техникалық тұрғыдан жүзеге асырылатын шараларды қолданамыз.

11. Сіздің жеке ақпаратыңызды қалай қорғаймыз

11.1. Біз сіздің жеке ақпаратыңызды рұқсатсыз қолжетімділіктен, өзгертуден, ашудан немесе жоюдан қорғау үшін қажетті техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қолданамыз. Бұл деректерді жинау, сақтау және өңдеу процестерін ішкі тексеруді және қауіпсіздік шараларын, сондай-ақ жеке деректерді сақтайтын жүйелерге заңсыз қол жеткізуді болдырмау үшін деректердің физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қамтиды. Жаңа технологиялардың дамуымен біздің қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларымыз үнемі жетілдірілуде.

11.2. Біз клиенттердің жеке деректеріне қолжетімділікті QAZAQ AIR әуе компаниясының жұмыс, дамыту және қызметтерімізді жетілдіру үшін қажетті жұмыскерлеріне, өнім берушілеріне және агенттеріне ғана ұсынамыз. Осы тұлғалар көрсетілген ақпараттың құпиялылығын шарт негізінде қолдауы тиіс.

11.3. Біздің веб-сайтты қараған кезде жеке ақпаратыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 128 биттік SSK кодтау технологиясы қолданылады. Сіз әуе билетіңізді <https://www.flyqazaq.com> сайтында брондағанда, деректеріңізді қауіпсіз беру үшін TLS 1.2 кодтау технологиясы қолданылады. Бұл технологиялар Сіздің барлық жеке ақпаратыңызды, оның ішінде несие/дебеттік карта нөмірлерін ол интернет арқылы берілгенде ешкім оқи алмайтындай кодтайды.

11.4. Егер Сіздің браузеріңіз TLS 1.2 технологиясын қолдамаса, транзакция қауіпсіздігін арттыру мақсатында оны соңғы нұсқасына дейін жаңартуды ұсынамыз. Олай болмаған жағдайда, жеке ақпаратыңыз ұсыну кезінде қорғалмайды және QAZAQ AIR мұндай жағдайларда қандай да бір жауапкершіліктен бас тартады.

12. Жеке ақпаратыңыздың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге болады

12.1. Брондау нөміріңізді құпия сақтаңыз

Брондау жасаған кезде Сізге брондау нөмірі (PNR, Passenger Name Record) және/немесе билет нөмірі беріледі. Олар сіздің электрондық почтаңызға келетін растауда немесе брондауыңыздағы жолаушылардың әрқайсысының билетінде жазылады. Брондау нөмірін әрқашан қатаң құпиялылықта ұстауыңыз керек.

Егер сіз басқа адамдармен саяхаттасаңыз және олардың жеке мәліметтеріңізге қол жеткізуін қаламасаңыз, әр адамға жеке төлеммен бөлек брондауды таңдай аласыз.

Сайтқа қауіпсіз кіруді қамтамасыз ету үшін құпия сөздерді басқалармен бөліспеуге немесе хабарламауға кеңес береміз. Сіз сайтта және/немесе әлеуметтік желілердегі аккаунттарда жұмысыңызды аяқтағаннан кейін *(әсіресе бұл аккаунттар өзара байланысты болса)*, егер компьютеріңізге немесе басқа құрылғыға басқа адамдардың қолжетімділігі болса, әсіресе интернетке кіру үшін қоғамдық құрылғыны қолдансаңыз есептік жазбаңыздан шыққаныңыз жөн болады. Бұл жағдайда басқа пайдаланушылар жеке ақпаратыңызға қол жеткізе алмайды.

12.2. Сақ болыңыз және интернет пен «фишинг» арқылы жасалатын алаяқтықтан қорғаныс шараларын қолданыңыз.

«Фишинг» деп аталатын, алдау арқылы жеке ақпаратты заңсыз жинау болып табылатын интернет-алаықтық түрі бар. Сұралмаған хаттар үшінші тарап заңсыз жинаған тізімдердегі тұлғаларға жіберіледі және алушыларға веб-сайттың «клондалған» немесе заңсыз көшірмесінде банк деректерін немесе құпия сөзді енгізу немесе растау ұсынылады.

13. Cookie файлдарына қатысты саясат

13.1. <https://www.flyqazaq.com/> веб-сайтын пайдалана отырып, Сіз cookie файлдарын сіздің құрылғыңызға орналастыра алатынымызбен, cookie, IP-адресерді сақтайтынымызбен және оларға қолжетімділік алатынымызбен және веб-сайтты пайдалану тәжірибеңізді жақсарту үшін веб-сайтты пайдалану туралы деректерді жинаудың басқа әдістерін қолдана алатынымызбен келісесіз.

13.2. Деректерге веб-сайтты, браузерді және Сіз кіретін құрылғы түрін пайдалану және орналасқан жеріңіз туралы ақпарат кіруі мүмкін.

13.3. <https://www.flyqazaq.com/> сайтына кіру және пайдалану арқылы Сіз QAZAQ AIR құрылғыңызға cookie файлдарын орналастыратынымен келісесіз.

13.3.1. Cookie дегеніміз не?

Cookie файлы Сіз кіретін веб-сайттан немесе Сіз ашқан белгілі бір электрондық хаттардан жіберілген және веб-браузеріңізде немесе құрылғыңыздың қатты дискісінде уақытша сақталатын ақпараттың кішігірім бөлігі болып табылады. Бетке қайта оралған кезде браузер cookie файлын серверге қайтарады. Cookie файлдары веб-сайтқа кіруді реттеуге және веб-сайтқа оралған кезде пайдаланушының жұмысын жақсартуға мүмкіндік береді.

<https://www.flyqazaq.com/> келушілердің <https://www.flyqazaq.com/> қалай қолданатыны туралы ақпарат жинау үшін, келушілердің қалауын (мысалы, ел, тіл) есте сақтау және ретаргентинг / ремаркетинг мақсатында келушілерді бейіндеу үшін cookie файлдарын пайдаланады.

13.3.2. Біз қандай cookie файлдарын қолданамыз және неліктен?

QAZAQ AIR веб-сайттағы сессиялық, функционалдық, жарнамалық/мақсатты және cookie файлдарын келесі мақсаттарда пайдаланады:

1) Техникалық

Сізге дәйекті және сенімді қызмет көрсетуге кепілдік беретін теңгерімді веб-сайт трафигін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей веб-сайтымыздың үздіксіз және тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін;

а) өнімділік деңгейін ұстап тұру үшін веб-сайттың негізгі бөліктерінде трафикті шектеу;
б) біздің Құпиялылық саясатымызбен, cookie саясатымен және Веб-сайтымызды пайдалану шарттарымызбен келісіміңізді сақтау.

2) Пайдаланудың қарапайымдылығы

Біздің веб-сайтымызда навигацияны жеңілдету үшін, таңдалған тіл мен елді есте сақтауды және тиісті контентті ұсынуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей;

а)рейсті брондау кезінде таңдалған ұшу әуежайын есте сақтау.

3) Қадағалау

Біздің веб-сайтты қалай пайдаланатыныңыз, қалай ілгерілейтініңіз және транзакцияларды қалай орындайтыныңыз туралы статистиканы жинау үшін, сауалнама арқылы пікірлеріңізді жинауды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей; сондай-ақ

а) веб-сайттарымызды пайдалану ыңғайлылығын арттыру үшін оларды қалай пайдаланатыныңыз, бағытыңыз және транзакцияларды қалай орындайтыныңыз туралы түсінік алу.

4) Маркетинг

Веб-сайтымызға маркетингтік мақсаттар үшін парақшаның әртүрлі нұсқаларына қызмет көрсетуге мүмкіндік беруді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Сізге тиісті хабарламаларды ұсыну үшін;

а) үшінші тараптарға тиісті жарнаманы көрсетуге және оның тиімділігін бақылауға мүмкіндік беру; сондай-ақ

б) біздің веб-сайттардағы және басқа таңдалған веб-сайттардағы әрекеттеріңізге негізделген өнімдерді таңдауды ұсынатын тиісті хабарламаларды көрсету.

13.3.3. Cookie файлдары қандай жеке ақпаратты жинайды?

Әдетте, cookie браузер туралы ақпараты бар мәтін жолын қамтиды.

Біз қолданатын кейбір cookie файлдары Сіз туралы көбірек жеке ақпаратты сақтай алады. Алайда, бұл егер сіз біздің сайтқа осы жеке ақпаратты өзіңіз берген болсаңыз ғана мүмкін болады.

13.3.4. Біздің cookie файлдарын қалай жоюға және бұғаттауға болады?

Сіз барлық немесе кейбір cookie файлдарын күйге келтіруден бас тартуға мүмкіндік беретін браузердегі күйге келтіруді іске қосу арқылы cookie файлдарын бұғаттай аласыз. Алайда, егер Сіз барлық cookie файлдарын (оның ішінде негізгі cookie файлдарын) бұғаттасаңыз, сайтқа тұтастай немесе оның кейбір бөліктеріне кіре алмайсыз.

Сіз өзіңіздің браузеріңіздің күйге келтірулерін cookie файлдары жиналмайтындай етіп өзгертпейінше, біздің жүйе cookie файлдарын сіз біздің веб-сайтқа кірген сәттен беруді жалғастырады. Cookie файлдарын өшіру немесе жою құрылғыны анықтауға және тиісті деректерді жинауға кедергі келтірмейді.

13.3.5. Cookies файлдарын қалай өшіруге болады?

Интернет браузерлері cookie файлдарының күйге келтірулерін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл күйге келтірулер әдетте интернет-браузердің «Параметрлер» немесе «Күйге келтірулер» мәзірінде болады. Төмендегі сілтемелер осы күйге келтірулерді түсіну үшін пайдалы болуы мүмкін. Әйтпесе, толығырақ ақпарат алу үшін интернет-браузеріңіздегі «Анықтама» опциясын пайдалануға болады.

Internet Explorer браузеріндегі cookie күйге келтірулері <https://support.microsoft.com/ru-kz/help/17442/windows-internet-explorer-delete-manage-cookies>

Firefox браузеріндегі cookie күйге келтірулері <https://support.mozilla.org/en-US/kb/cookies-information-websites-store-on-your-computer?redirectlocale=en-US&redirectslug=Cookies>

Chrome браузеріндегі cookie күйге келтірулері <https://support.google.com/chrome/answer/95647?hl=ru>

Safari браузеріндегі cookie күйге келтірулері <https://support.apple.com/ru-ru/HT201265>

Yandex браузеріндегі cookie күйге келтірулері <https://browser.yandex.ru/help/personal-data-protection/cookies.html>

13.3.6. Келісімден қалай бас тартуға болады?

Сіз бізге cookie файлдарын пайдалануға өз келісіміңізді бергеннен кейін, біз сайтқа келесі келуіңізде сіздің келісіміңізді есте сақтау үшін cookie файлын компьютеріңізде немесе құрылғыңызда сақтаймыз. Сіздің келісіміңіз мезгіл-мезгіл аяқталады (және барлық жағдайларда

13 ай ішінде). Егер Сіз кез келген уақытта өз келісіміңізден бас тартқыңыз келсе, интернет-браузеріңіздің күйге келтірулерін пайдаланып, өз cookie файлдарыңызды жоюыңыз қажет.

Cookie файлдарын жою немесе бұғаттау туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз: <http://www.aboutcookies.org/Default.aspx?page=2>.

14. Басқа сайттарға сілтемелер

14.1. Біздің сайтта Сізге ыңғайлы болатын және ақпарат алуға арналған басқа веб-сайттарға сілтемелер болуы мүмкін. Сіз бұл сайттарға өз тәуекеліңізбен кіресіз және QAZAQ AIR бұл веб-сайттар үшін жауапты болмайды. Біз веб-сайтымыздағы сіздің жеке деректеріңізді қорғағанда сілтеме жасалатын басқа сайттардың саясатын немесе сіз бөліскен кез келген жеке деректердің пайдаланылуын бақылай алмаймыз немесе оларға жауапты бола алмаймыз. Осы Құпиялылық саясаты басқа веб-сайттарға таралмайтындығын ескеруіңізді өтінеміз және олардың саясатымен танысуыңызға кеңес береміз.

15. Google Аналитика, Facebook Пикселі және Яндекс Метрика

15.1. Біздің сайтта Google Аналитика, Facebook Пикселі және Яндекс Метрика, тиісінше Google, Inc., Facebook және Yandex LLC ұсынатын веб-талдау қызметтері қолданылады. Бұл қызметтер сіздің <https://www.flyqazaq.com/> пайдалануыңызды қадағалау, талдау тиісті есептілікті жасау үшін cookie қолданады (жоғарыдағы біздің cookie саясатын қараңыз). Біздің Google Аналитика жинаған IP-адресстер жасырын. Қосымша ақпарат алу үшін Google, Facebook және Яндекс құпиялылық саясатымен танысыңыз.

15.2. Google Аналитикасын пайдаланудан бас тарту үшін мына сілтемені пайдаланыңыз: <https://tools.google.com/dlpage/gaoptout?hl=ru>

15.3. Яндекс Метрикасын пайдаланудан бас тарту үшін мына сілтемені пайдаланыңыз: <https://yandex.ru/support/metrika/general/opt-out.html>

15.4. Пайдаланудан бас тарту cookie-ге негізделген, сондықтан Сіз жаңа құрылғыны пайдалансаңыз немесе браузердің cookie файлы жойсаңыз, бас тартуды қайта орындауыңыз қажет болуы мүмкін.

15.5. Facebook Пикселі туралы қосымша ақпарат алу үшін <https://www.facebook.com/business/gdpr> сайтына өтіңіз.

16. Электрондық тарату қызметтері

16.1. Сіз QAZAQ AIR-ден электрондық ақпарат тарату сияқты коммуникация түрін алуға жазылғанда QAZAQ AIR-ге электрондық почта адресін Сізге ақпарат тарату және сауалнамалар мен арнайы ұсыныстар туралы жаңалықтар сияқты басқа хабарламалар жіберу үшін пайдалануға рұқсат бересіз.

16.2. Егер Сіз рұқсатыңызды кері қайтарып алғыңыз келсе және QAZAQ AIR-ден электрондық почта арқылы ақпарат алғыңыз келмесе, хаттың төменгі жағындағы "жазылымнан бас тарту" сілтемесін басу арқылы кез келген уақытта бас тарта аласыз.

17. Кәмелетке толмағандар

17.1. Біз ұсынатын қызметтердің сипатына және заңнамаға, оның ішінде жергілікті авиация немесе қауіпсіздік ережелеріне байланысты немесе тасымалдау қажеттіліктері мен қызметтерін қамтамасыз ету мақсатында біз балалар туралы жеке ақпаратты қамтитын ақпаратты жинауымыз мүмкін. Біз ұшуды жүзеге асыру және балаға осыған байланысты қызметтерді көрсету үшін жеке ақпаратты қажет болған кезде сақтай аламыз. Біз заңды сақтау үшін немесе қауіпсіздік пен қорғаныс мақсатында қажет болған жағдайларды қоспағанда, жеке ақпаратты тікелей балалардан - 18 жасқа дейінгі немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа жастағы тұлғалардан әдейі жинамаймыз.

17.2. QAZAQ AIR компанияның веб-сайтына қолжетімділігі бар тұлғалардың жасын анықтай алмайды. Егер Сіз QAZAQ AIR-ге сізден хабарсыз және келісіміңізсіз жеке деректерін берген, кәмелетке толмаған баланың ата-анасы немесе қамқоршысы болсаңыз (*қолданыстағы заңнамаға*



сәйкес), тиісті жеке деректерді жою үшін QAZAQ AIR-ге info@flyqazaq.com адресі бойынша хабарласуыңыз қажет.

18. Қорытынды бөлім

18.1. Осы саясат, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар Қоғам Басқармасының шешімі негізінде бекітіледі және қолданысқа енгізіледі

18.2. Осы Саясатты қайта қарау қажеттілігіне қарай, бірақ күнтізбелік жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Құқықтық сүйемелдеу департаментінің директоры _____
(ТАӨ, қолы, күні)

